

Солтүстік Қазақстан облысы  
Шал ақын ауданының  
«Бірлік негізгі мектебі» КММ-сі жанындағы  
«Шапағат» шағын орталығы

БЕКТЕМІН: *жет*  
Мектеп директорының м.а.  
Жатаева Г. Е.  
«21» қазан 2022 жыл.


КЕЛІСЕМІН: *Аял*  
ДОЖО:  
Хамитова Ж.З.  
«30» қазан 2022 жыл.

БАСТАУЫШ ӘБ отырысында  
қаралды: *Аял*  
Тажаметова А.А.  
«20» қазан 2022 жыл.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ**

Тәрбиешілер: Тугумбаева Ғ.Р.  
Қабдулқалықова Г.К.

Бекітемін:   
 Мектеп директорының м.а:  
 Жатаева Г.Е.

**«Шапағат» мектепалды даярлық тобының 2022 – 2023 оқу жылына  
 арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1. Дене шынықтыру		<b>11.10</b>		<b>11.10</b>	<b>11.10</b>
Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2. Сөйлеуді дамыту	<b>10.40</b>			<b>10.00</b>	
Көркем әдебиет		<b>10.40</b>			<b>10.00</b>
Қарым- қатынас іс –әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Қазақ тілі		<b>09.30</b>	<b>09.30</b>		
Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3. Сауат ашу негіздері	<b>10.00</b>			<b>09.30</b>	<b>09.30</b>
Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
4. Математика негіздері	<b>09.30</b>	<b>10.00</b>	<b>10.00</b>		
Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5. Қоршаған ортамен таныстыру			<b>10.40</b>	<b>10.40</b>	
Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6. Сурет салу					<b>10.40</b>
Мүсіндеу					
Жапсыру					
Құрастыру					
Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті					
7. Музыка	<b>11.00</b>		<b>11.10</b>		
Музыка*****	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы**

**қыркүйек айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>қыркүйек</b>	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру,2) Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру; Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.
	Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
	Қазақ тілі	Менің балабақшам. Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, диалогке қатысуға үйрету.

	<p>Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Балабақша қызметкерлері.</p> <p>Балабақша қызметкерлерімен таныстыру. балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету.</p> <p>Біздің топ.</p> <p>Топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше-көпше түрде айтуға үйрету.</p> <p>Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.</p> <p>Менің ойыншықтарым.</p> <p>Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру, жұмбақтар жасырып шешуге үйрету. Ойыншықтар туралы қысқа мәтіндер құрауды дағдыландыру, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p>
Сурет салу	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p>

	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу.  Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.  Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру:  Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау.  Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.  Ән айту.  Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.  Музыкалық-ырғақтық қимылдар.  Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы**

**қазан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>қазан</b>	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>

Сауат ашу негіздері	<p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Алтын күз.  Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету.  Қазақ тілінде сөздер менсөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.  Игерген сөздерін қолданып,сөйлем құру дағдыларындамыту.  Көгөністер.  Көгөністердің қазақша аталуын үйрету. Жаңылтпаштар жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Тілге қызығушылықтарын арттыру, жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.  Жемістер.  Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру.  Жемістерді қазақ тілінде атай білуге ,шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерд ебайланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту.  Менің отбасым.  Менің есімдігімен таныстыру. Отбасы мүшелерін қазақша айтуға,сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.  Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.  Сан және санау.  Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:  Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.  Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.  Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау  Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.  Еңбекке баулу.  Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p>

	Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.
Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы**

**қараша айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>қараша</b>	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p>

Көркем әдебиет	Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Қазақ тілі	<p>Мамандықтың бәрі жақсы.</p> <p>Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Менің дене мүшелерім.</p> <p>Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Қанша?Санау.</p> <p>Санауға қазақ тілінде үйрету. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауды дамыту.</p> <p>Апта күндері.</p> <p>Балаларды апта күндерімен таныстыру. Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін</p>

	<p>орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнәрлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>
Мүсіндеу	<p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы**

**Желтоқсан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>желтоқсан</b>	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:                      Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.                      Қимылды ойындар.                      Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.                      Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру                      Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.                      Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор                      Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.                      Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.                      Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.                      Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p>

Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.</p> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
Қазақ тілі	<p>Менің Отаным.</p> <p>Балаларға Отан туралы түсінік беру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету.</p> <p>Мемлекеттік рәміздері.</p> <p>Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Елорда–Астана.</p> <p>Елордамен таныстыру. Сөздік қорларын молайту</p> <p>Әсем қала–Алматы.</p> <p>Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
Математика негіздері	<p>Шама.</p> <p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан.</p>

	Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)
Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
Музыка	Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы  
қаңтар айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>қаңтар</b>	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:                      Кеудеге арналған жаттығулар. Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.                      Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).                      Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).                      Спорттық жаттығулар                      Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.                      Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;                      Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру                      Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.                      Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.                      Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.                      Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор                      Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>

Сауат ашу негіздері	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Қыс қызығы. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қысқа мәтіндер құрауды үйрету, жұмбақ, жаңылтпаш жаттауға үйрету. Үй жануарлары. Үй жануарлары мен төлдерін қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру. Жабайы жануарлар. Жабайы жануарлар қазақша атауларымен таныстыру. Қарапайым сұрақ қойып, оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қысқы киім. Киімінің қазақша атауларымен таныстыру; оларды топтай алуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, айыра білу.
Математика негіздері	Шама. Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық фигуралар Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу. Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін



	жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.
Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу.
Музыка	Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Билер Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы ақпан  
айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>ақпан</b>	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:                      Кеудеге арналған жаттығулар.                      Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).                      Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.                      Спорттық жаттығулар                      Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.                      Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;                      Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;                      Дербес қимыл белсенділігі                      Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы                      Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.                      Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;                      Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p>

Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
Сауат ашу негіздері	Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
Қазақ тілі	Ұлттық киім. Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру. Азық-түлік. Азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. Әжемнің базарлығы. Ұлттық тағамдармен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Қандай түстер. Балаларғасөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай?сұрағына жауап беруге үйрету.
Математика негіздері	Геометриялық фигуралар Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық

	<p>заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.</p>
Мүсіндеу	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p>
Музыка	<p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»**

**Топ: мектепалды даярлық тобы**

**Балалардың жасы 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы ***наурыз*** айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>наурыз</b>	Дене шынықтыру	<p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>

Сауат ашу негіздері	<p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p>
Қазақ тілі	<p>Көктем.</p> <p>Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу. Көктем келді, күс келді.</p> <p>Құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.</p> <p>Армысың, өз Наурыз!</p> <p>Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Ыдыс.</p> <p>Сөздік қорларын молайту, ұлттық ыдыстармен таныстыру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p>

	Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
Сурет салу	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
Музыка	Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»

**Топ:** мектепалды даярлық тобы

**Балалардың жасы** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>сәуір</b>	Дене шынықтыру	<p>Спорттық ойындар Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.</p>



Қазақ тілі	<p>Жайлауда.</p> <p>Жайлау туралы түсінік беру, тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру.</p> <p>Киіз үй.</p> <p>Киіз үй жабдықтарымен таныстыру. Ұлттық бұйымдарды дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Әжемнің оюлары.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру.</p> <p>Сөздік қорларын ою аттарымен молайту.</p> <p>Көлік.</p> <p>Көліктердің қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көлік атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру.</p>
Құрастыру	<p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту.</p>

	Сурет салу	<p>Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету.</p> <p>Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану.</p> <p>Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p>
	Мүсіндеу	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p>
	Жапсыру	<p>Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p>
	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** (шағын орталық) Бірлік негізгі мектебі «Шапағат»

**Топ:** мектепалды даярлық тобы

**Балалардың жасы** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы **мамыр** айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>мамыр</b>	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту. Өткенді қайталау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Өткенді қайталау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейнениң қимылын, интонациясы мен</p>

	<p>мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Өткенді қайталау.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Өткенді қайталау.</p>
Қазақ тілі	<p>Қазақстан – ортақ үйіміз. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақстан халқы тату, көп ұлтты мемлекет екенін түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Ертегі әлемі. Сөздік қорларын молайту. Зейін қойып тыңдауға, таныс сөздерді табуға дағдыландыру. Алақай, жаз келді! Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету. Жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Мен не білемін және не істей аламын? Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Өткенді қайталау.</p>
Математика негіздері	<p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Өткенді қайталау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Көлік, байланыс құралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Жол қозғалысы ережелері Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Өткенді қайталау.</p>

Құрастыру	<p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Сурет салу	<p>Сюжеттік суреттерді салу, ұжымдық жұмыстарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету.</p> <p>Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану.</p> <p>Сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Мүсіндеу	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Жапсыру	<p>Шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>